

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі	2025
	Басылым: 1

«Қазақстанның инвестициялық қоры»
АҚ Директорлар кеңесі отырысының 2025
жылғы «13» маусымдағы хаттамасымен
бекітілген (№5 хаттама)

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫ»
АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-
ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

Алматы қаласы, 2025 жыл

Мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	3
2-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар	3
3-бөлім. Қордың комплаенс-тәуекелдерін комплаенс-бақылау және басқару жүйесінің мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері.....	4-6
4-бөлім. Қордың комплаенс жүйесінің құрылымы, органдары және қатысушылары.....	6-9
5-бөлім. Комплаенс-тәуекелдерінің түрлері және олардың пайда болу факторлары.....	10-13
6-бөлім. Мүдделер қақтығысының алдын алу.....	13-14
7-бөлім. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл.....	14-17
8-бөлім. Инсайдерлік ақпаратты бақылау және оны ашу.....	17
9-бөлім. Сыйлық беру және қабылдау саясаты.....	18
10-бөлім. Комплаенс-тәуекелдерді комплаенс бақылау және басқару процесінде мониторинг және есептілік.....	18
11-бөлім. Қорытынды ережелер.....	19
1-қосымша.....	20
2-қосымша.....	21

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгі ережеге, Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілеріне, комплаенс саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, ішкі қағидалар мен рәсімдерді сақтау, Қордың іскерлік беделінен айырылу немесе жоғалту тәуекелін төмендету мақсатында «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-да (бұдан әрі – Қор) комплаенс тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаттарын, қағидаттарын, міндеттерін, құрылымы мен тәсілдерін айқындайды.

3. Қор осы Саясатты қабылдай отырып, бизнесті жүргізудің жалпыға бірдей танылған стандарттарына адалдығын растайды және Саясатты адал ниеттілік, адалдық және жауапкершілік қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырады.

4. Қор корпоративтік басқарудың және мүдделер қақтығысын тиімді басқарудың жалпы қағидаттарын сақтаумен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандартын ұстанады (ҚР СТ 3049-2017ж), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік және іскерлік этика саласындағы заңнамасын, монополияға қарсы заңнаманы сақтауға, инсайдерлік ақпаратты бақылауға қатысты талаптарды басшылыққа алады, заңсыз әрекеттер жасауға және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған мәмілелерге қатыспайды.

5. Осы Саясаттың күші Қор қызметінің барлық түрлеріне қолданылады. Құжат Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерімен, Қордың барлық қызметкерлерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады. Нысаны мен мазмұны осы Саясаттың ережелеріне қайшы келетін операцияларды (қандай да бір әрекеттерді) жасауға жол берілмейді.

2-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар

6. Бұл Саясатта келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

Комплаенс-бақылау – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының реттеушілік заңнамасының, халықаралық стандарттардың, Қордың комплаенс-тәуекелдерді іске асыруға әкеп соғатын бұзушылықтардың алдын алу, комплаенс-тәуекелдердің салдарларын және олардың туындау себептерін жою жөніндегі ішкі мониторинг, үйлестіру және талаптарының сақталуын және орындалуын бақылау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жиынтығы;

Комплаенс-бақылаушы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі саясаттың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру үшін жауапкершілік айрықша құзыретіне кіретін Қордың қызметкері;

Мүдделер қақтығысы – мемлекеттік/ұлттық компанияда жауапты лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, мемлекет қатысатын компаниялардың лауазымды адамдарының бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық.

Комплаенс жүйесінің қатысушылары – құзыретіне комплаенс-бақылау және/немесе комплаенс-тәуекелді басқару функцияларын жүзеге асыру кіретін Қордың басқару

органдары, құрылымдық бөлімшелері, Қор қызметкерлері;

Құрылымдық бөлімшелердің комплаенс үйлестірушілері – Қордың құрылымдық бөлімшелеріндегі тәуекелдердің комплаенс мониторингіне, өз бөлімшесінің комплаенс-тәуекелдері бойынша есептілікті ұсынуға жауапты Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері.

Уәкілетті және реттеуші органдар – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржылық мониторинг комитеті, Қазақстанның қор биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі;

Комплаенс-тәуекел – Қазақстан Республикасының реттеушілік заңнамасын және халықаралық стандарттарды, оның ішінде уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қордың ішкі ережелері мен рәсімдерін сақтамау тәуекелі;

Бедел тәуекелі – теріс қоғамдық пікір немесе Қорға деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, іскерлік мінез-құлықтың халықаралық стандарттарын, сондай-ақ Қордың ішкі саясаттарын, қағидалары мен рәсімдерін немесе этикалық стандарттарды сақтамау нәтижесінде Қорға қолданылуы мүмкін заңдық немесе реттеушілік санкциялар тәуекелі.

3-бөлім. Қордың комплаенс-тәуекелдерін комплаенс-бақылау және басқару жүйесінің мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

7. Комплаенс-бақылау Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі бақылау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Комплаенс-бақылаудың негізгі мақсаты Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының реттеушілік нормативтік құқықтық актілерін, кәсіби қызмет стандарттарын және Қордың ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты, Қордағы комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастырудың негізгі мақсаты Қордың Қазақстан Республикасы реттеушілік заңнамасының, халықаралық стандарттардың, ішкі ережелер мен рәсімдердің талаптарын сақтамауына байланысты шығындарды (залалдарды) келтіруіне жол бермеу, сондай-ақ акционер мен Қор клиенттерінің мүдделерін қорғау болып табылады.

8. Қордағы комплаенс жүйесін ұйымдастырудың міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын іске асыру;
- ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру жөніндегі мәмілелерді анықтау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын іске асыру;
- инсайдерлік ақпаратты бақылау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын іске асыру;
- ішкі және сыртқы алаяқтықты анықтау үшін Қордың операцияларын бақылау;
- Қордың қаржылық есептілігіне қатысты ішкі бақылаудың барабар құрылымы мен рәсімдерін қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және уақтылы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына ұсынылуын қамтамасыз ету;
- Қордың іскерлік беделін қорғау;
- Қор қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін, оның ішінде кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру;
- ішкі бақылауды жүзеге асыру және Қор қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс-тәуекелді басқару үшін құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- комплаенс-тәуекелдің туындауы нәтижесінде шығындарды (залалдарды) азайту

болып табылады.

9. Қордағы комплаенс-тәуекелді басқару процесі келесі қағидаттарға негізделген:

1) Тәуекел туралы хабардар болу

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі Қордың әрбір қызметкеріне әсер етеді.

Қордың кез келген операцияны жүргізуі туралы шешім қабылдауы осындай операция нәтижесінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді жан-жақты талдағаннан кейін ғана жүргізіледі. Комплаенс-тәуекелге ұшыраған операцияларды орындайтын Қор қызметкерлері операциялар тәуекелі туралы хабардар болады және операциялар жасамас бұрын тәуекелді сәйкестендіруді, талдауды және бағалауды жүзеге асырады.

2) Қатысу қағидаты

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы комплаенс-тәуекелді басқару және комплаенс-бақылау ортасын құру процесіне қатысады.

Комплаенс-тәуекелді басқару – тек комплаенс-бақылау ғана емес, ол Қордың барлық бизнес-процестеріне біріктіріледі. Нақты тәуекел оқиғасын іске асыру үшін Қордың нақты операциялық қызметіне бастамашылық жасайтын және іске асыратын бөлімше жауапты болады. Комплаенс-бақылау бөлімшесінің міндеті Қордың ықтимал шығындарын шектеу және туындайтын комплаенс-тәуекелдерді азайту рәсімдерін іске асыруға мониторинг жүргізу болып табылады.

3) Өкілеттіктерді бөлу

Функцияларды бөлудегі мүдделер қақтығысын болдырмау – комплаенс-тәуекелге ұшыраған операцияларды жүзеге асыру бойынша Қор бөлімшелері мен қызметкерлерінің міндеттерін бөлу. Осы мақсаттар үшін мыналар бөлінеді:

- Қордың операциялары мен мәмілелерін оларды тіркеуден және есепте көрсетуден бастап жасау;

- ақшалай қаражатты нақты төлеуді жүзеге асырудан төлеуге санкция беру;

- операцияларды өздері жасаудан операцияларды бақылау.

4) Операциялардың жүргізілуін бақылау

Комплаенс-тәуекелге ұшыраған кез келген операцияның жасалуына Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелері алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылауды жүзеге асырады.

5) Басшылық және алқалы органдар тарапынан бақылау

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі объективті, сенімді және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүреді.

Қор басшылығы, оның алқалы органдары комплаенс-тәуекелдерді іске асырудың туындаған жағдайлары және олардың деңгейін төмендету бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты қарайды.

6) Ақпараттық технологияларды қолдану

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде құрылады. Қордың ақпараттық жүйелерінде комплаенс-тәуекелдерді бақылау құралдары көзделеді.

7) Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын көрсетуі, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық тәжірибелеріне сәйкес келуі тиіс.

Қор стратегиялық міндеттерді, сыртқы ортадағы өзгерістерді, комплаенс-тәуекелдерді басқарудың әлемдік тәжірибесіндегі жаңалықтарды ескере отырып, ақпараттық жүйелерді, рәсімдер мен технологияларды қоса алғанда, комплаенс-тәуекелдерді басқарудың барлық элементтерін үнемі жетілдіріп отырады.

8) Үздіксіздік

Комплаенс-тәуекелді анықтау, бағалау, өлшеу процесі тұрақты негізде жүргізіледі.

10. Жоғарыда келтірілген қағидаттар тізімі толық емес және қажет болған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

4-бөлім. Комплаенс жүйесінің құрылымы, басқару органдары және қатысушылары

11. Комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін Қорда комплаенсті басқару жүйесі қалыптасады, оған келесі қатысушылар кіреді:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Басқарма;
- 3) Комплаенс-бақылаушы;
- 4) Ішкі аудит қызметі;
- 5) Тәуекел-менеджмент департаменті;
- 6) Құқықтық қамтамасыз ету және талап-арыз жұмысы департаменті;
- 7) Қауіпсіздік және қызметті үйлестіру департаменті.

12. Комплаенс-бақылаушының негізгі міндеттері:

1) Қор қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру, ішкі бақылауды жүзеге асыру және комплаенс-тәуекелді басқару үшін құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) комплаенс-тәуекелді, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың ішкі құжаттарын сақтамау салдарынан, сондай-ақ мемлекеттік реттеуші органдар тарапынан санкциялар және (немесе) өзге де ықпал ету шараларын қолдану нәтижесінде Қорда залалдардың туындау, беделін жоғалту тәуекелін анықтау (бұдан әрі – реттеушілік тәуекел) және комплаенс-тәуекелдің туындауы нәтижесінде Қордың шығындарын (залалдарын) азайту;

3) комплаенс-тәуекел мониторингінің нәтижелері бойынша Директорлар кеңесін жыл сайын хабардар ету және Қор Басқармасына қажеттілігіне қарай ұсынымдар енгізу;

13. Комплаенс-бақылаушы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және оған берілген өкілеттіктер шегінде мынадай функцияларды орындайды:

1) реттеушілік тәуекелге байланысты оқиғаларды есепке алу, олардың пайда болу ықтималдығын анықтау және олардың салдарын сандық бағалау;

2) комплаенс-тәуекелдер мониторингі және комплаенс-тәуекелдерді басқару тиімділігі;

3) қажет болған жағдайда реттеушілік тәуекелді басқару жөніндегі ұсынымдарды құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және Қор басқармасына жолдау;

4) Қордағы реттеушілік тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар кешенін үйлестіру және әзірлеуге қатысу;

5) реттеушілік тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлеуге қатысу;

6) Қор қызметкерлерін реттеушілік тәуекелді басқаруға байланысты мәселелер бойынша хабардар ету;

7) осы Саясатқа сәйкес Қордың және оның қызметкерлерінің қызметіндегі мүдделер қақтығысын анықтау, оны барынша азайтуға бағытталған ішкі құжаттарды әзірлеуге қатысу;

8) Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, Қордың инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау бөлігінде қамтамасыз ету;

9) Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, Қордың үлестес тұлғаларының тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау бөлігінде қамтамасыз ету;

10) Қордың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдар (арыздар, өтініштер) серпінің көрсеткіштерін талдау;

11) Қордың қызметтің негізгі түрін жүзеге асыру барысында, атап айтқанда мүлікті сату, талап ету құқықтарын беру және қайта құрылымдау кезінде қызметтер көрсетуге және (немесе) жұмыстарды орындауға заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен шарттар жасасуының экономикалық орындылығын талдау;

12) коммерциялық пара беруге, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимылға бағытталған ішкі

құжаттарды әзірлеуге қатысу;

13) корпоративтік мінез-құлық ережелерін, кәсіби этика нормаларын сақтауға бағытталған іс-шараларды өткізуге қатысу;

14) анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, Қордың және (немесе) оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттардың талаптарын бұзғаны немесе сақтамағаны туралы ақпаратты қоса алғанда, Қордың Басқарма төрағасын және Қор Басқармасын мерзімді негізде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабардар ету;

15) заңды және жеке тұлғалардың Қордың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдарды (арыздарды, өтініштерді) қарау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру;

16) Қордың Басқарма төрағасы мен Қор Басқармасы комплаенс-бақылау процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда, Қордың Директорлар кеңесіне хабарлау;

17) өз құзыреті шеңберінде Қордың мемлекеттік органдармен, үшінші мүдделі тараптармен өзара іс-қимылына қатысу;

14. Комплаенс жүйесінің қатысушылары:

1) осы Саясатқа сәйкес өз құзыреті мен жауапкершілігі шеңберінде комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ішкі қағидалары мен рәсімдерінің және жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының талаптарын қатаң және мүлтіксіз сақтаған кезде оларды басқаруды және олардың мониторингін жүзеге асырады;

2) Қордың корпоративтік мүдделерінің этикасын, корпоративтік және комплаенс-мәдениетінің қағидаттарын сақтайды және қолдайды;

3) осы Саясатқа сәйкес әрбір тексеру фактісін құжаттайды және анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды көрсететін тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдейді;

4) бақылау жұмысы мен жүргізілетін тексерулердің орындалу барысын бақылауға мүмкіндік беретін құжаттардың (не олардың орналасқан жері туралы ақпараттың) болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың нәтижелерінің дұрыстығын куәландырады;

5) олар үшін белгіленген құзыреттер мен жауапкершіліктер шеңберінде комплаенс-бақылаушының өз бетінше де, қатысуымен де және/немесе оның ұсынымдары бойынша комплаенс-тәуекелдерге жол бермеу, оларды кәсіби басқару, сондай-ақ олардың туындау себептерін жою жөніндегі барлық қажетті және оларға байланысты шараларды қабылдайды;

6) өз міндеттерін орындау үшін қажетті біліктілікке, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби және жеке қасиеттеріне ие болады;

7) алынған және пайдаланылатын ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

15. Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі үш қорғаныс желісі, олардың өкілеттіктері, есеп беру құрылымын нақты анықтай отырып, жауапкершілік негізінде ұйымдастырылған;

1) бірінші қорғау желісін Қордың барлық қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері Қордың комплаенс-тәуекелдерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты комплаенс-бақылаушыға уақтылы жеткізуге жауапты болады.

Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары құрылымдық бөлімшеде комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады.

2) екінші қорғаныс желісін комплаенс-бақылаушы қамтамасыз етеді.

Қордың нормативтік ішкі құжаттарына сәйкес қорғаудың екінші желісінің жекелеген функциялары мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда Қордың өзге құрылымдық бөлімшелеріне берілуі мүмкін.

3) қорғаудың үшінші желісін ішкі аудит бөлімшесі комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы қамтамасыз етеді.

16. Қордың Басқармасы:

- 1) осы Саясаттың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) Қордың Директорлар кеңесі Қордың интеграцияланған тәуекелдер тізілімін бекіту шеңберінде комплаенс-бақылаушы анықтаған комплаенс-тәуекелдерді жыл сайын бағалайды;
- 3) комплаенс-тәуекел анықталған жағдайда түзету немесе тәртіптік шаралар қабылдайды;
- 4) комплаенс-тәуекелді басқарудағы кемшіліктерді және процестер мен құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін ішкі саясат пен рәсімдерді қайта өңдеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын комплаенс-тәуекелдерді жою жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын мақұлдайды;
- 5) жыл сайын Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігі туралы хабарлайды;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау нәтижесінде іскерлік беделінен айырылуға немесе беделдің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін кез келген операциялар туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлайды.
- 7) Қор Басқармасы осы Саясаттың талаптарын ескере отырып, комплаенс-бағдарламаның (жоспардың) жобасын әзірлейді және Қордың және оның қызметкерлерінің осы Саясатты сақтауына мониторингті жүзеге асырады. Әзірлеу қорытындысы бойынша Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдарды бекіту және беру үшін комплаенс-бағдарламаның (жоспардың) жобасын ұсынады;
- 8) Қор Басқармасы комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын айқындау тәсілдері мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттың жобасын әзірлейді. Әзірлеу қорытындысы бойынша ұсынымдарды бекіту және беру үшін Қордың Директорлар кеңесіне ішкі құжаттың жобасын ұсынады;
- 9) Қор Басқармасы заңды және жеке тұлғалардың лауазымды адамдардың, Қор қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдарды (арыздарды, өтініштерді) қарау тәртібін әзірлейді және Қордың және оның қызметкерлерінің осы тәртіп талаптарын сақтауына мониторингті жүзеге асырады.

17. Директорлар кеңесі:

- 1) осы Саясаттың және комплаенс-тәуекелдерді жою жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарының сақталуын бақылайды;
- 2) Қордың интеграцияланған тәуекелдер тіркелімі Директорлар кеңесінің шешімімен бекіту шеңберінде комплаенс-бақылаушы анықтаған комплаенс-тәуекелдерді жыл сайын қарайды;
- 3) комплаенс-тәуекелді басқарудағы ағымдағы кемшіліктерді қамтитын комплаенс-тәуекелдерді жою жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын бекітеді;
- 4) Директорлар кеңесі Қордың Басқармасын: Қор Басқармасының саясатты орындау тиімділігіне мониторинг пен бағалауға; комплаенс-бағдарламаның (жоспардың) жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын айқындау тәсілдері мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттың жобасын әзірлеуге жауапты етіп айқындайды;
- 5) комплаенс-бағдарламаның (жоспардың) жобасын қарау нәтижелері бойынша Қордың Директорлар кеңесінің хаттамасы/шешімі ресімделеді;
- 6) комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын айқындау тәсілдері мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттың жобасын қарау нәтижелері бойынша Қордың Директорлар кеңесінің хаттамасы/шешімі ресімделеді;
- 7) Қордың Директорлар кеңесі Қор қызметкерлері Қор қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия түрде хабарлай алатын рәсімдерді айқындайтын ішкі құжатты бекітеді. Ішкі құжат жобасын қарау нәтижелері бойынша Қордың Директорлар кеңесінің хаттамасы/шешімі ресімделеді;

8) Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне мыналар бөлігінде мониторингті, бақылауды және бағалауды жүзеге асырады:

Қор Басқармасының комплаенс-бақылау бөлімшесі, ішкі бақылау, ішкі, сыртқы аудит және уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді уақтылы, толық және сапалы жоюы турады;

Қор Басқармасының комплаенс-бақылау, Ішкі аудит, сондай-ақ сыртқы аудит және уәкілетті орган жөніндегі бөлімшелердің ұсынымдарын орындауы туралы.

18. Басқарма мен Қор бөлімшелерінің басшылары бейтараптық қағидаттарын қамтамасыз етуге және сақтауға және мүдделер қақтығысына байланысты мәселелерді реттеуге міндетті.

5-бөлім. Комплаенс-тәуекелдердің түрлері және олардың пайда болу факторлары

19. Осы Саясатқа сәйкес Қордың комплаенс-тәуекелдеріне мынадай тәуекелдер жатады:

1) Қордың Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарын бұзуы;

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу;
- өз жобалары бойынша Қазақстан Республикасының салалық заңнамасын бұзу;
- Қазақстан Республикасының лицензиялық заңнамасын бұзу;
- биржалық талаптарды бұзу;
- Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру саласындағы заңнамасын бұзу;

- комплаенс-тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар бойынша халықаралық стандарттарды бұзу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да реттеуші талаптарын бұзу;

2) Қор қызметкерлерінің алаяқтығы;

3) Қор жұмыс істейтін халықаралық нарықтардың талаптары мен этикалық нормаларын сақтамау;

4) іскерлік беделді жоғалту тәуекелі.

20. Қордың комплаенс-тәуекелінің пайда болуы ішкі және сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін.

21. Қордың комплаенс-тәуекелінің пайда болуының ішкі факторларына мыналар жатады:

1) Қор қызметкерлерінің уәкілетті органдардың талаптарын және Қазақстан Республикасының жобалар жөніндегі салалық заңнамасының, Қордың құрылтай және ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауы;

2) Қор процестерінде мүдделер қақтығысының болуы және Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру мүмкіндігіне әкеп соғатын Қордың тәуекелдерін ішкі бақылау және басқару жүйелерін ұйымдастырудың басқа да кемшіліктері;

3) операциялық процестерде кемшіліктер болған кезде Қордың тәуекелді инвестициялық және нарықтық саясатты жүзеге асыруы;

4) Қордың (Қордың үлестес және/немесе байланысты тұлғаларының, Қор акционерінің) серіктестер мен контрагенттер алдындағы шарттық міндеттемелерін орындамауы;

5) мүдделер қақтығысын тиімді реттеуге кедергі келтіретін ішкі құжаттар мен тетіктердің болмауы немесе сапасының төмендігі: Акционер-Қор, Қызметкер-Қор, Серіктес-Қор;

6) акционердің, Қордың басқару органы мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын тиімді реттеуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысының теріс салдарын барынша азайтуға, оның ішінде әріптестер мен контрагенттер тарапынан шағымдар, сот талаптарын қоюдың алдын алуға және (немесе) уәкілетті органдар тарапынан ықпал ету шараларын

қолдануға мүмкіндік беретін тетіктердің болмауы;

7) жаңа өнімдерді/операцияларды жүргізу шарттарын әзірлеу/өзгерту/енгізу/Қордың мәмілелерін жасасу кезінде комплаенс-тәуекелді тиімсіз басқару;

8) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл тетігін бұзу;

9) Қордың, оның акционерінің, Директорлар кеңесінің мүшелерінің, Басқарма мүшелері мен Қор қызметкерлерінің жосықсыз серіктестер мен контрагенттердің, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің құқыққа қайшы қызметіне тиімді қарсы іс-қимыл жасай алмауы.

22. Қордың комплаенс-тәуекелінің пайда болуының сыртқы факторларына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының реттеушілік заңнамасының жетілмегендігі;

2) Қордың үлестес тұлғаларының, Қор акционерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың құрылтай және ішкі құжаттарын сақтамауы;

3) Қордың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ оның акционерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға тиімді қарсы іс-қимыл жасай алмауы;

4) Қор немесе оның қызметкерлері, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Қордың үлестес тұлғалары туралы жағымсыз ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

5) басқа объективті сыртқы жағдай (экономикалық, саяси, құқықтық және т.б.), кез келген үшінші тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, клиенттердің, контрагенттердің, серіктестердің және т.б.) әрекеттері/әрекетсіздігі.

- Комплаенс-тәуекелдерді басқару – бұл ықтимал комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтауға, анықталған комплаенс-тәуекелдерді бағалауға, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқарудың нақты әдістерін қолдануға негізделген үздіксіз процесс. Тәуекелдерді бағалау және оларды басқару рәсімдері Қордың ағымдағы операцияларын жүзеге асыру процестеріне біріктіріледі.

23. Қор комплаенс-тәуекелді басқару процесінің келесі кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1) комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру – Қор ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін ішкі және сыртқы комплаенс-тәуекелдерді айқындау, олардың Қор қызметіне әсер ету сипатын анықтау;

2) комплаенс-тәуекелдерді бағалау және өлшеу – олардың негізінде олардың жарамдылығы туралы шешім қабылданатын залалдың мөлшерін және Қор тәуекелдерін іске асыру ықтималдығын объективті түрде анықтауға мүмкіндік беретін әдістер мен құралдарды әзірлеу және пайдалану;

3) комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту – шығындарға (залалға) әкеп соғатын оқиғалардың немесе мән-жайлардың туындау ықтималдығын төмендетуге және (немесе) ықтимал залалдардың (залалдың) мөлшерін азайтуға (шектеуге) бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру;

4) комплаенс-тәуекелдерді бақылау және мониторинг жүргізу – белгіленген шектеулер мен талаптардың сақталуын бақылау (комплаенс-бақылау), комплаенс-бақылау рәсімдерінің сақталуын тұрақты тексеру және мониторинг жүргізу;

5) комплаенс-тәуекелдерді бақылау және басқару жүйесін жетілдіру мақсатында бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

24. Комплаенс-тәуекелді басқару әдістері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы реттеушілік және салалық (жобалар бойынша) заңнамасының тұрақты мониторингі;

2) қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не сыртқы (шетелдік) заңгерлердің/адвокаттардың білікті консультацияларын алу арқылы (мүмкіндігінше немесе қажет болған жағдайда) Қор резиденттерімен белсенді жұмыс істейтін шет мемлекеттер заңнамасының мониторингі;

3) Қордың барлық ішкі құжаттарының жобаларын және регламенттеу сипаты бар Қор

органдарының шешімдерін, сондай-ақ комплаенс-бақылаушымен өкімдік құжаттарды сапалы дайындау және міндетті түрде келісу;

4) стандартты бизнес-процестерді бекіту, сондай-ақ Қордың барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен және Қордың уәкілетті органдарымен/тұлғаларымен келісілген Қордың барлық жобалары/қызметтері бойынша шарттардың бірыңғай үлгілік нысандарын пайдалану;

5) жаңа жобалар бойынша рәсімдер мен ішкі құжаттарды комплаенс-бақылаушымен келісу;

6) комплаенс-бақылаушының Қордың ішкі аудит қызметі, уәкілетті және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерінің барлық нәтижелерімен танысуы;

